

Material received by the editorial office: 16.03.2020

**БРАГИНА, Т.М., БОБРЕНКО, М.А., РУЛЁВА, М.М.  
ЖӘНДІКТЕРДІҢ ТҮРЛІК ТИІСТІЛІГІН АНЫҚТАУ ҮШІН МОЛЕКУЛАЛЫҚ-  
ГЕНЕТИКАЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІ – ДНҚ СЕКВЕНИРЛЕУГЕ ҮЛГІЛЕРДІ  
ДАЙЫНДАУ**

Мақала Ө. Сұлтангазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінде жүзеге асырылған бірқатар халықаралық жобалар аясында жәндіктер түрлерін молекулалық-генетикалық сәйкестендіру үшін үлгілерді дайындау тәжірибесіне арналған. Зерттеу нысаны – Қостанай облысында жиналған қоңыздардың әртүрлі тұқымдастарының түрлері.

Қостанай облысының омыртқасыздарында алғаш рет ДНҚ-ны штрих-кодтау әдістері қолданылды.

**Кілт сөздер:** молекулалық генетикалық әдістер, гель электрофорезі, жәндіктер, ДНҚ штрих-кодтау. ПТР машинасы.

**БРАГИНА, Т.М., БОБРЕНКО, М.А., РУЛЁВА, М.М.  
ОПЫТ ПРИМЕНЕНИЯ МОЛЕКУЛЯРНО-ГЕНЕТИЧЕСКИХ МЕТОДОВ ДЛЯ ОПРЕДЕЛЕНИЯ  
ВИДОВОЙ ПРИНАДЛЕЖНОСТИ НАСЕКОМЫХ – ПОДГОТОВКА ОБРАЗЦОВ К  
СЕКВЕНИРОВАНИЮ ДНК**

Статья посвящена опыту подготовки образцов для молекулярно-генетической идентификации видов насекомых в рамках ряда международных проектов, реализуемых в Костанайском государственном педагогическом университете имени У. Султангазина. Объектом исследования были особи разных семейств жесткокрылых, собранные на территории Костанайской области.

Впервые для беспозвоночных Костанайской области были использованы методы ДНК-штрих кодирования.

**Ключевые слова:** молекулярно-генетические методы, гель-электрофорез, насекомые, ДНК-баркодинг, ПЦР машина.

## ӘОЖ 159.9

**Каирова, Б.К.**

психология және дефектология  
кафедрасының аға оқытушысы,  
Ө. Сұлтангазин атындағы ҚМПУ,  
Қостанай, Қазақстан

**Шанкилова, С.Е.**

өнертану магистрі, вокалдық өнер және  
дирижерлеу кафедрасының аға оқытушысы,  
ПЦК ҚҰӨУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

## СТУДЕНТ ЖАСТАРДЫҢ ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Түйін**

Мақалада қазіргі кездегі жоғарғы оқу орнында оқитын студенттердің жемқорлыққа қарсы және құқықтық мәдениетін қалыптастыру мәселесі қарастырылған. Тұлғаның жемқорлыққа қарсы және құқықтық мәдениеті мәселесі отандық және шетел ғалымдарының еңбектеріне сүйене отырып, теориялық жағынан талданды және арнайы құрастырылған әлеуметтік-психологиялық бағдарлама арқылы студенттердің жалпы құқықтық мәдениетін көтеру жұмыстары жүргізіліп, психологиялық диагностика жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде, зерттеу тобына енген студенттердің құқықтық және жемқорлыққа қарсы мәдениеті деңгейінің көтерілгені анықталды.

*Кілт сөздер: тұлға, жемқорлық, жемқорлыққа қарсы, мәдениет, құқықтық сана, құқықтық мәдениет, пара, заң алдындағы жауапкершілік, ар-ождан.*

## 1 Кіріспе

Заман дамуының қай кезінде болмасын халықтың алдында тұрған басты міндеттерінің бірі – ата-анасына мейрімді, еліне адал, еңбексүйгіш, қайырымды ұрпақ тәрбиелеу. Мемлекеттің іргесі берік, саяси-экономикалық дамуы динамикалы болуы үшін оның тұғыры мықты, ұлттың ділі мен дінін, салт дәстүрі мен ұлттық мәдени құндылықтарын ұстанатын, адамзаттың озық ойы мен тәжірибесін тиімді пайдалана алатын жастар тәрбиелеу қазіргі кезде қазақ елі үшін өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Әлемде БҰҰ-ның мәліметі бойынша, 15 пен 24 жас аралығындағы жас азаматтар 1,5 миллиард шамасында. ҚР «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңына сәйкес 14 жастан 29 жасқа дейінгі адамдарды жастар деп атау қабылданған. Бұл жастағы адамдар тобы еліміздегі тұрғындар санының 27,4% (4 510 435 адам) құрайды.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру» бағдарламасында «Ел болашағы жастардың қолында, олар қоғамымыздың алтын қоры, ең шешуші звеносы, сондықтан жастарды патриоттыққа тәрбиелеу, өз еліне деген сүйіспеншілігі мен жауапкершілігін дамытуға тиіспіз», – деп атап көрсеткен [1].

Отан отбасынан басталады. Қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов «Ел болам десен – бесігіңді түзе» деген сөзінің астарында «ұрпағыңды түзе», жастарына Отан, туған жер, отбасы секілді баға жетпес құндылықтарды сүю, оларды өмірде ұстану, білімді де мәдениетті болу үшін өзін-өзі үнемі дамыту қажеттілігін тәрбиелеуге шақырады.

## 2 Материалдар

Қазіргі кезде жастар тәрбиесіне өзінің кері ықпалын тигізетін көптеген әлеуметтік әсерлер көп. Солардың ішінде «сыбайлас жемқорлық» мәселесін де айтуға болады. «Сыбайлас жемқорлық» деген ұғыммен қоғамда тарап отырған әлеуметтік дерт жастардың әлеуметтік-психологиялық дамуына өзінің теріс ықпалын тигізіп отырғаны ақиқат. Кейбір жастар еңбек етпей оңай ақша табу немесе жақсы жалақысы бар жұмыс орындарына кіру үшін т.б. көптеген әлеуметтік мәселелерді шешудің жеңіл жолы – жемқорлық деп есептейді. Сондықтанда өскелең ұрпақты жемқорлыққа қарсы иммунитетін қалыптастырудың маңызы өте зор.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселесін ғылыми жағынан зерттеген ресей ғалымдары Амиров К.Ф., Сафронова И.В., Фокеева И.М., отандық ғалымдар А.Н. Ағыбаев, Н.М. Әбдіров, Б.А. Амеркулов, Д.Д. Дүйсенбеков т.б. пікірінше, жемқорлық – қылмыстық әрекет ретінде кең ауқымда таралуына себеп болып отырған, қазақстандық азаматтар мен жастардың құқықтық мәдениеті мен патриоттық сезімдерінің төмендігі. Тұлғаның құқықтық мәдениеті әлеуметтену үрдісінде дамып қалыптасады. Қоғамда қалыптасқан құқықтық нормалар мен жалпы адамзаттық мәдениетті адам баласы отбасы тәрбиесінде, білім беру жүйесінде танып біліп, өзінің мінез-құлқын реттеу, адамгершілік және құқықтық нормаларды, конституцияны құрметтеу сезімдерімен көрсетеді.

Құқықтық мәдениет тұлғаның жалпы мәдениетінің құрамдас бөлігі бола отырып, оның өмір тәжірибесіне сәйкес толығып, байып отырады. Қазіргі өмір сүріп отырған қоғамымыз әлеуметтік-психологиялық, саяси-экономикалық шапшаң өзгерістердің кезеңі болғандықтан, құқықтық нормалар жүйесінде де үнемі жаңару, даму үрдісінде. Осыған байланысты көптеген азаматтар оған ілесе алмай жатқанын А.Н. Ағыбаев, Б.А. Амеркулов, Д.Д. Дүйсенбеков, т.б. өз зерттеулерінде анықтаған.

Жалпы сөздік әдебиеттерде жемқорлық «сыбайлас жемқорлық», «пара алу», «пара беру», «кәсіби қызметін пайдалану», «мемлекеттік қызмет бабын өз пайдасына қолдану» сияқты түсініктермен жеке тұлғаның қылмыстық әрекеті ретінде анықталады [2].

«Жемқорлық» этимологиялық мағынасына қарай латын сөзінің «параға сатып алу», «пара беру» деген ұғым ретінде криминалистика ғылымының негізгі категориясы болып

табылады. Рим құқығында «согнуптио» түсінігі «сындыру, бұзу, зақымдау, параға сатып алу» деген мағына беріп, құқыққа қарсы іс-әрекетті білдіреді [3]. Ресей ғалымдарының сөздіктерінде «жемқорлық» – пара беру, сатып алу, әлеуметтік лауазымы жоғары тұлғалардың, саяси қызметкерлердің қылмыстық әрекеті ретінде сипатталады [4].

Көріп отырғанымыздай, жемқорлық адам баласын дұрыс жолдан тайдырып, оны қылмыстық жолға тартатын, адамның санасын сындырып, зақымдауға әкелетін әлеуметтік дерт. Осы әлеуметтік дерт кейбір жастардың жеңіл өмір іздеп құқық бұзуына себеп болады. Құқық бұзуға бейім мінез-құлық – көп жағдайда тұлғаның тәрбиесінің, мәдениетінің төмендігінен болатыны белгілі. Профессор К.Ф. Амиров «Антикоррупционное и правовое воспитание» атты еңбегінде «отбасындағы, басқа да әлеумет ортасындағы жайсыз әлеуметтік-психологиялық жағдаяттарды кейбір адамдар өзін-өзі тәрбиелеуіне, өзінің болашағына жауапкершілікпен қарап, «жаңа өмірге секіріс» факторы ретінде өзін шығармашылықпен дамытуға мотивация деп қарастырса, тек тәрбиесі және мәдениеті төмен адамдар ғана оны қылмысқа «себеп» деп жауапкершілікті өзгелерге артып, адасып жүріп өмір сүреді», – деген автор [5].

Қарап отырсақ, адам өмірінің сапасы, қоғамдағы алатын орны оның тәрбиесіне, соның ішінде отбасы тәрбиесіне келіп тіреледі. Отбасында алған жақсы тәрбие білім беру жүйесіндегі мақсатқа бағыттала қойылған тәрбиемен жалғасқанда рухани-адамгершілік құндылықтар жүйесі бай, Бұл мәселемен күресте нәтижелі көмек беретін білім беру жүйесі деп есептейді көптеген ғалым крминогтар-психологтар. Олардың ойынша, қазіргі кезде мектептерде тәрбие жұмысы өз міндетін толық атқармайды. Тәрбие теориясы мен практикасына қайта оралып, тарихтан белгілі А.С. Макаренконың, В.А. Сухомлинскийдің, Я. Корчактың тәжірибелерін тәрбие жұмыстарына енгізудің маңызы зор деп есептейді ғалымдар. Сонымен бірге, отбасы тәрбиесіне де үлкен көңіл бөлу қажет. Өйткені баланың құқықтық сананың қалыптасуына бірден бір ықпал ететін агенттер – ата-аналар. Құқықтық сана тұлғаның жас ерекшелігіне қарай сапалы өзгеріп, адамның өмір тәжірибесіне сәйкес толығып, байып отырады. Құқықтық сана-сезім құқықтық мағынадағы білімдер жүйесі, оны жағымды эмоционалды қабылдау және күнделікті өмірде қолдану негізінде қоғамдық ортадағы құқықтық нормалар мен құндылықтарды адекватты қабылдап, солардың негізінде мінез-құлқын реттейді, оларды сыйлайды және ешқашан бұзбауға тырысады. Сондықтан да қазіргі кезде құқықтық мәдениеті жоғары, білімді жастар тәрбиелеу және қалыптастыру кезек күттірмейтін мемлекеттік маңызды шаралардың қатарында тұр. Жастардың құқықтық мәдениетін көтеру ісінде – ең алдымен құқықтық санасының қалыптасуы мен оған ықпал ететін қозғаушы күштердің рөлін анықтап, сол мәселелер төңірегінде маңызды іс-шараларды жүйелі ұйымдастыруға баса назар аудару қажет. Қоғамдық өмірдегі рухани бастауларды зерделеп, құқықтық мәдениетті қалыптастыруда салт-дәстүрдің тигізетін ықпалын, оның адами құндылықтарын, бағыт-бағдарын басшылыққа алу керек.

Құқықтық білімнің негізі мектепте салынады, сондықтанда құқықтық тәрбие мәселесі мектептің тәрбие жұмысында және әр түрлі үйірмелер, клубтар, оқушылардың ғылыми зерттеу жұмыстарды негізінде іске асырылады. Ал кәсіби білім беру мекемелеріне келген жастардың құқықтық мәдениетті кәсіптік-теориялық білімдерімен қатар әртүрлі ғылыми-жобалар, студенттің өзіндік жұмыстары, диспуттар, ғылыми конференциялар т.б. формалары арқылы жүргізіледі.

Адамның жалпы мәдениеті мен оның құқықтық мәдениетінің арасында тығыз байланыс бар. Құқықтық мәдениет жалпы адамзаттың рухани мәдениет мазмұнына енеді, бірақ өзіндік ерекшеліктерін сақтайды. Сондықтан да құқықтық тәрбиені жалпы рухани-адамгершілік тәрбиесімен сабақтастықта жүргізілуін басшылыққа алынуы қажет.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстық әрекет ретінде лауазымды адамға пара беру және оны алу (талап ету) болып табылады. Пара алу көбіне қолында билігі бар, шешім шығаруға өкілетті қызметкерлер айналысып отыр. Қазақстан Республикасы Прокуратурасының статистикасы бойынша тек өкімет органдарында отырған шенеуліктер ғана емес, сонымен қатар, кіші деңгейлі жетекші қызметте тұрған тұлғаларда осындай қылмыстық әрекеттерге ба-

ратыны анықтаған, мысалы білім беру жүйесіндегі мектеп директорлары мен мұғалімдері осындай қылмыстық әрекеттері бойынша алтыншы орында тұрғанын мәлімдеген. Олай болса, әркім өзінің қызметін табыс көзіне айналдыра алады деген сөз. Ондай мектеп, мұғалім өскелең ұрпаққа қандай тәрбие береді. Оны көріп өскен бала, олда ертең өзінің қызметін пайдаланып, ар-ожданын сатпасына кім кепілдік бере алады. Ал ондай қылмыстық әрекетке бара алмаған азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделеріне қысымшылық жасалынады. Сондықтан жас ұрпақты бала кезден сыбайлас жемқорлыққа қарсы иммунитетін қалыптастыру бүгінгі күні кезек күттірмейтін маңызды мәселе [6].

### **3, 4 Әдістер мен нәтижелер**

Сыбайлас жемқорлықтың адам өміріне қаншалықты зияндылығы жайлы жастардың түсініктерін кеңейту мақсатында Қостанай педагогикалық колледжінде оқитын «Бастауыш оқыту әдістемесі» және «Хореография ұжымының жетекшісі» мамандықтарында оқитын студенттермен эксперименттік-зерттеу жұмыстарының бағдарламасы жасалынып жүргізілді. «Жемқорлығы жоқ елдің болашағы зор» деген дәйек сөзбен студенттерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте позициясын күшейте отырып, олармен жемқорлық тақырыбында дәрістер, пікір-алмасулар, бейне роликтер мен құжатты фильмдерді қарап талқыланды. Сонымен қатар, өзінің құқығын білу және оны қорғау мәселесі бойынша ішкі істер қызметкерлерімен кездесулер ұйымдастырылды.

Жастардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін көтеру, құқықтық сауаттылық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бағдарламасы 3 ай көлемінде жүргізілді. Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясының негізгі бағыттары мен оны жүзеге асыру шаралары жастарға түсіндірілді. Колледж студенттерімен қалалық прокуратура және қаржы полициясы қызметкерлерімен кездесу ұйымдастырылды. Студент жастар оларға көптеген сұрақтар қойып нақты жауаптар алды. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында осы мекемелердің жүргізіліп отырған кешенді жұмыстардың оң нәтижелері туралы ақпараттар талқыланды.

Қазіргі кезде сыбайлас жемқорлықты тек заң жолымен тоқтату мүмкін еместігіне студенттердің көзі жетті. Бұл істе әрбір патриот адамның батыл іс-әрекеті мен азаматтық борышы туралы түсініктері кеңіді. Сондықтан жастарға білім беру жүйесінде жүйелі түрде сыбайлас жемқорлық әлеуметтік келеңсіз құбылыс ретінде қарсы қоя отырып, олардың адамгершілік қасиеттері мен құқықтық мәдениетін қалыптастыра тәрбиелеудің маңызын түсінді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті тәрбиелеу бағдарламасы К.Ф. Амиров, Д.К. Амирова «Антикоррупционное и правовое воспитание» [7]; Сафронова И.В., Фокеева И. М. «Формирование антикоррупционной нравственно-правовой культуры» [8]; Назмутдинов Р.А., Каирова Б.К. «Студент жастардың коррупцияға қарсы позициясын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық аспектісі» [9] еңбектері негізінде құрылды.

Психодиагностикалық жұмыстарға келесі әдістер мен әдістемелер қолданылды:

1. Бақылау, әңгімелесу;
2. Сауалнама;
3. «Тұлғаның психологиялық мәдениеті» әдістемесі (О. Мотков);
4. Тұлғаның құқықтық бағыты және құқықтық нормаларға қатысын анықтау» әдістемесі (Р.Р. Муслумов).

Зерттеу жұмыстарының нәтижесі келесідей қорытынды жасауға мүмкіндік берді:


Зерттеу жұмысының мақсаты мен болжамына сәйкес зерттеу тобына енген респонденттердің жалпы мәдениетін, құқықтық мәдениетін анықтау мақсатында сауалнама құрылды. Сауалнама 12 сұрақтан тұрады, оған ашық және жабық түрде жауап берді.

Студенттер қазақ отбасында тәрбиеленген, үйде ата-аналары қазақ халқының салт-дәстүрлерін ұстанады, сондықтан жастар өз елінің мәдени салт-дәстүрлерін біледі және оларға ұнайды. «Өзіңіздің құқықтарыңызды білесіз бе?» сұрағының жауабы басында – 47% (53%), «жоқ» – 13% (18%); қалған 34% (30%) сенімді емеспін. Қарап отырсақ, көптеген студенттердің құқықтық сауаттылық және оның адам өміріндегі мәні туралы ойлары бағдарламадан


кейін өзгерген. Сонымен қатар, респонденттердің 97% өздерін қазақстандық патриотпыз деп есептейді. «Біреулер заңды бұзып, қоғамға жат қылықтар жасаса тоқтатуға немесе оның жолын кесуге тырысысасыз ба?» 32% (53%) «иә», 51% (27%) «жоқ», қалғандары «білмеймін» немесе сұраққа жауап бермеген. Бұдан студенттердің бағдарламадан кейін көзқарастары өзгергенін байқауға болады. «Сыбайлас жемқорлыққа қалай қарайсыз?» сұрағы бойынша 33% студенттер «шыдамдық танытамын», өйткені көптеген мәселені осылай шешуге болады десе, бағдарламадан кейін 12%. Көріп отырғанымыздай әлі де болса кейбір респонденттер зерттеу мәселесі бойынша өздерінің көз қарасын өзгертпегенін байқатады. Олардың ойынша «дәрігердің анықтамасын алуға», «жақсы жалақы төлейтін жұмыс көзін табуға», «ұзақ жүріп шешілетін мәселені қысқа уақытта шешу» т.б. сыбайлас жемқорлықсыз шешу мүмкін емес. «Сыбайлас жемқорлықты жеңуге болады, егер»: егер барлық адамдар, соның ішінде жоғарғы басшылықта отырған адамдар әділдік принципін ұстаса – 54% (76%), сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңды күшейтсе – 34% (38%) деген жауап алынды. Алғашында көптеген студенттер мәселені шешу үшін сыбайлас жемқорлық жолы туралы ойланса, екінші жауаптың көрсеткіштері болашақта әр мәселені өз күштерімен «табандылық», «әділдік», «батылдық» сияқты қасиеттерді бойында дамыту арқылы шешуге болатынын түсінді. «Сыбайлас жемқорлықтың адамға зияны» сұрағы бойынша «ұсталып қалса жауапқа тартылады», «ұят» деген жауаптар болса, бағдарламадан кейін «өзінің, туған-туыстарының, балаларының болашағына балта шабу», «адал еңбекпен табылған қаражаттан да айырылу», «бүкіл отбасын, ата-анасын қайғыға душар ету», «жақсы қызметтерге болашақта жол жабылу» сияқты жауаптар алынды.

Бұдан жүргізілген бағдарлама және заң қызметкерлерімен кездесу өз нәтижесін бергенін көріп отырмыз. Сонымен қорыта айтқанда сауалнама студент жастардың құқықтық білімдері мен сыбайлас жемқорлық туралы түсініктерінің төмендігін алғашқы диагностика көрсеткіштері байқатса, бағдарламадан кейінгі көрсеткіштер олардың осы мәселеге байланысты көзқарастарының өзгергенін анықтады. Әрине, бұл 18-19 жастағы жастар, көбі әлі болса, құқық қорғау орындарымен, сыбайлас жемқорлық мәселесімен өмірде кеспеген, олар тек бұқаралық ақпарат құралдары арқылы және колледжде жүргізілетін оқу-тәрбие жұмыстары бойынша естіп білген. Дегенмен, колледж бітіруші түлектермен жүргізілген сыбайлас жемқорлық мәселесі бойынша тәрбие жұмыстары болашақта олардың дұрыс шешім қабылдауына ықпал етеді деп ойлаймыз.

Екінші жүргізілген Мотков О.И. «Психологиялық мәдениет» әдістемесі өзін-өзі тануға, үйлесімді қарым-қатынас құруға, өзін-өзі үйлесімді дамытуға, шығармашылыққа, өз әрекетін конструктивті құруға, өз көңіл күйін реттей білуге деген қажеттіліктердің ішкі күшін А шкаласы, ал осы қажеттіліктердің сыртқы ортада жүзеге асуын Б шкаласы анықтайды. Зерттеу нәтижесінде алынған деректер студенттер үшін бұл психологиялық қажеттіліктер бағдарламаға дейін де, одан кейін де маңыздылығын анықталып, әлеуметтік-психологиялық бағдарламадан кейін динамикалы өзгерістердің болғанын анықтады. Оны төмендегі суреттен көруге болады:



Сурет 1 – О.И. Мотковтың «Тұлғаның психологиялық мәдениеті» әдістемесінің А шкаласы бойынша нәтижелері



Сурет 2 – О.И. Мотковтың «Тұлғаның психологиялық мәдениеті» әдістемесінің Б шкаласы бойынша нәтижелері

Келесі қолданылған әдістеме Р.Р. Муслумовтің «Тұлғаның құқықтық бағыты және құқықтық қатынасын» анықтау. Әдістеме 35 сұрақтан тұрады, оның 15 сұрағы тұлғаның құқыққа қатынасын, ал қалған 20 сұрағы құқықтық бағытты анықтауға мүмкіндік береді. Әрбір шкала бойынша жеке-жеке талдаулар жасалынды. Тұлғаның құқыққа қатынасы оның құқықтық білімдері мен құқықтық мәдениеті туралы ақпарат береді. Жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижелері екі шкала бойынша бағдарламадан кейін студенттердің құқықтық бағыты мен құқықтық нормаларға деген қатынастарының тиімді өзгергенін анықтады.

### 5 Қорытынды

Жүргізілген теориялық және эмпирикалық зерттеу жұмыстарын қорытындылай келе, әлеуметтік-психологиялық бағдарлама зерттеу тобына енген жастардың құқықтық сауаттылығын көтеріп, жемқорлыққа қарсы мәдениетін нығайтуға мүмкіндік береді. Әрине, бұдан жастардың құқықтық мәдениеті толық қалыптасты деп айта алмаймыз. Сондықтанда осы бағытта жұмысты әлі де болса әрі қарай жалғастыруды қажет етеді.

Сыбайлас жемқорлықпен күресудің ең басты жолы – өскелең ұрпақтың құқықтық санасын қалыптастыру арқылы, олардың құқық бұзушылық мінез-құлқының алдын алу. Құқықтық сана – отбасынан бастау алып, әр түрлі әлеуметтік институттарда нығайып, құқықтық мәдениетке айналады. Бұл ұзақ уақытты талап ететін, бірте-бірте дамып қалыптасатын үрдіс.

Құқықтық тәрбие ҚР Конституциясына, мемлекеттік рәміздерге, салт-дәстүрлерге, діни сенімдерге, қоғамдағы барлық азаматтардың құқықтары мен бостандығын сыйлаудан, құрметтеуден және құқық бұзушылыққа қарсы күрес жүргізумен байқалады.

Құқықтық мәдениет дегеніміз барлық заңдар мен қылмыстық кодекстерді білу емес, жеке адамдардың тең құқықтары мен бостандықтарын білу, өзінің мақсаттары мен армандарын еркін жүзеге асыруда қоғамдық ортадағы құқықтық нормалар мен ережелерді сақтауға деген ұмтылыс. Өзі тұрып жатқан елдің ата заңы туралы таным-түсінігі болуы және өзінің мінез-құлқын реттеуде оны басшылыққа алу қажет.

Құқықтық мәдениет – адамгершілік, еңбек, мәдени-этикалық, рухани-имандылық тәрбие мақсаттарымен өзара тығыз байланыста. Тәрбиенің қай саласы болмасын жан-жақты үйлесімді, мәдениетті, бақытты тұлға дамыту.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру // Молодой ученый. – 2018. – №14. – С. 6-7.
- 2 Большая юридическая энциклопедия // Составители: В.В. Авасян, С.В. Андреева, Е.В. Белякова. – М.: Изд. Эксмо, 2005. – 455 с.

- 3 Сапарғалиев Ғ. Заң терминдеріне түсіндірме сөздігі. – Алматы: Жеті Жарғы, 2005. – 195 б.
- 4 Солварь юридических терминов // Под ред. В.Н. Додонова, М.Н. Крылова – М.: КонсультантПлюс, 2009. – 242 с.
- 5 Ағыбаев А.Н. Мемлекет және құқық теориясы. – Алматы: Раритет, 2013. – 286 б.
- 6 Есім Ғ. Мәдени-философиялық энциклопедиялық сөздік. – Алматы: Раритет, 2014. – 318 б.
- 7 Амиров К.Ф., Амирова Д.К. Антикоррупционное и правовое воспитание: Учебное пособие для учащихся 10-11 кл. общеобразовательных учреждений, студентов колледжей и вузов. – Казань, 2010. – 118 с.
- 8 Сафронова И.В., Фокеева И.М. Формирование антикоррупционной нравственно-правовой культуры: методическое пособие / науч. рук. В.И. Пискарев. – Казань, 2014. – 215 с.
- 9 Назмутдинов Р.А., Каирова Б.К. Студент жастардың коррупцияға қарсы позициясын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық аспектісі. – Костанай: КГПИ, 2016. – 132 б.

*Материал редакцияға түсті: 25.02.2020*

**КАИРОВА, Б.К., ШАНКИЛОВА, С.Е.**

#### **СОЦИАЛЬНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ АНТИКОРРУПЦИОННОЙ КУЛЬТУРЫ СТУДЕНЧЕСКОЙ МОЛОДЕЖИ**

*В статье рассмотрен вопрос формирования антикоррупционной и правовой культуры студентов, обучающихся в современном вузе. Проблемы противодействия коррупции и правовой культуры личности, опираясь на труды отечественных и зарубежных ученых, были проанализированы теоретически и разработаны специально разработанные социально-психологические программы по повышению общей правовой культуры студентов, проведена психологическая диагностика. В результате выявлено повышение уровня правовой и антикоррупционной культуры студентов, вошедших в исследовательскую группу.*

**Ключевые слова:** *личность, коррупция, антикоррупция, культура, правовое сознание, правовая культура, взятка, ответственность перед законом, совесть.*

**KAIROVA, B.K., SHANKILOVA, S.E.**

#### **SOCIO-PSYCHOLOGICAL FEATURES OF THE FORMATION OF ANTI-CORRUPTION CULTURE OF STUDENTS**

*The article deals with the formation of anti-corruption and legal culture of students studying at the University. Issues of anti-corruption and legal culture of the individual are analyzed theoretically and a socio-psychological program is developed to improve the General legal culture of students, before and after the program, psychological diagnostics is carried out. As a result, an increase in the level of legal and anti-corruption culture of students who entered the research group was revealed.*

**Key words:** *personality, corruption, anti-corruption, culture, legal culture, legal consciousness, bribe, legal responsibility, conscience.*

**УДК 582**

**Пережогин, Ю.В.**

*кандидат биологических наук, доцент,  
профессор кафедры естественных наук,  
КГПУ имени У. Султангазина,  
Костанай, Казахстан*

#### **ФЛОРИСТИЧЕСКИЕ НАХОДКИ НА ТЕРРИТОРИИ КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ**

**Аннотация**

*В процессе изучения материалов Гербариев Института экологии растений и животных (SVER) и Московского государственного университета имени М. В. Ломоносова (МГУ) нами были выявлены 18 видов, относящихся-*